



Жаулағаш

Жаршысы



№78 (9861)

1 қазан,
сенбі

2022 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Құттықтау

Құрметті, аудан тұрғындары!
Қадірлі ардагерлер!

Біз – қай заманда да қарттарын сыйлаған, ақсақалды аталары мен ақжаулықты аналарын құрмет тұтып, алдарынан қия өтпеген халықтың ұрпағымыз. Қашанда қарттарымызды қадірлеп, үлкенді ардақ тұтып келеміз. Бұл – біздің сонау ықылым заманнан келе жатқан ұлық дәстүріміз.

Сіздерді берекелі, мерекелі қазан айымен бірге келген Халықаралық қарттар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Қазан айы – шаруа үшін қазыналы мезгіл. Қарттар күні мерекесінің жылдың осындай тамаша мезгілінде келуі де бұл мерекенің мазмұнын ашып, қарияларымыздың қашанда елдің тілеуқоры, елдегі бірлік пен ынтымақтың бастамашысы екенін айғақтап тұрғандай.

Қадірлі ардагерлер!

Сіздердің орындарыңыз қай кезде де төрде. Сіздер ескеңе ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде және тәуелсіз еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына сүбелі үлес қостыңыздар. Қазір де қоғамның тамыршысындай аудан әлеуетін арттыру жұмыстарына белсене араласып, кейінгі толқынға бағыт-бағдар беріп келесіздер.

Сіздер жүріп өткен жол – елдік пен ерлік жолы. Ардагер әкелеріміз бен аналарымыздың өмірлік, елдікті түсініп жүріп өткен осынау жолы жас ұрпақты еркіндікке, Отанды сүйуге бастайды. Сіздерді айтулы мерекеміз құттықтай отырып, отбастарыңызға, әулеттеріңізге, аманшылық, береке-бірлік, дендеріңізге саулық тілеймін!

Еліміздегі бейбіт, мамыражай тірліктің куәсі болып, бақытты ғұмыр кешіңіздер!

Ізгі ниетпен, аудан әкімі
Асқарбек Есжанов

Бәрекеңді!



Қариялар құрмет төрінде

Ақын жырлағандай, дария кеуделі, тау мүсінді, тұлғасын құрыштан құйған қариялары бар ел – бақытты ел. Қариясы бар елдің қазынасы ортаймайды. Қариясы бар елдің бірлігі бұзылмайды, берекесі кетпейді. Кеше де, бүгін де, ертең де қазақ даласының киесі де, иесі де сол қариялар болып қала береді.

Кеше аудандық мәдениет үйінде 1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай салтанатты жиын өтті. Шараны аудан әкімі Асқарбек Есжанов ашып, мерейлі мереке иелеріне жылы лебізін білдірді.

Жасы үлкенді сыйлауды, ағаны ардақтауды, қарияны құрметтеуді халқымыз ешкімен үйренген жоқ. Бұл – біздің қанымызбен бірге жаралып, жадымызда жаңғырып, бүгін болмысымызбен жасасып келе жатқан тектік қасиетіміз. Өзгелер қызығып та, қызғанып та қарайтын біздің ұлттық ерекшелігіміз де осында. Қазақта «атаңа не істесең, алдына сол келеді» деген сөз бар. Бұл жай ғана сөз емес, қазақты тәрбиенің тұма бастауы. Осы бір ауыз сөзбен алдындағы үлкенге қылған қызметің келешек өзіңе дәл солай қайтатынын, қартың қадірлемеген ұлттың бордай тозып жоғалатынын мензепті бұрынғылар. Сондықтан әлімсақтан күні бүгінге дейін осы ұстанымда келеміз. «Үлкен тұрып кіші сөйлегеннен без» дегенді де айтқан халқымыз еді. Сондықтан да қарттық – биік мәртебе және үлкен жауапкершілік.

Осы залда бүгінгі шараға ауданымыздағы ардагер ағаларымыз, қадірменді қарттарымыз келіп отыр. Осы кісілердің барлығы да өмірден көргені де, түйгені де көп кейінгі буының ақылшылары. Осында отырған қарияларымыз өткен ғасырдағы аштық нәубетінің, зұлмат соғыстың тірі куәгерлері. Балалық шағы, жастық дәуірі сол кезеңдерге тұспа-тұс келіп, бейбітшіліктің, тыныштықтың, тоқшылықтың қадірін біліп өскен аға буын ұрпақтар. Бұл кісілердің әрбірінің өмір жолы – көзсіз ерліктің, еселі еңбектің жолы. Сондықтан біз алдымыздағы әкелерімізге, аналарымызға, аға-апаларымызға қандай құрмет көрсетсек те лайықты. Біз, кейінгі буын өкілдері сіздердің алдарыңызда қарыздармыз. Өздеріңізге деген алғысымыз шексіз, ыстық ықыласымыз бен құрмет-қошеметіміз сарқылмайды. Сіздерге қызмет көрсетіп, ақ баталарыңызды алу біз үшін үлкен мәртебе.

Ауданымызда құрамында төрт мыңға жуық зейнет жасындағы аға-апаларымыз бар ардагерлер кеңесі жұмыс істеп келе

жатыр. Садық Әлиұлы басшылық ететін аталған кеңестегі ардагерлер зейнет демалысына шыққанымен қоғам өмірінен тыс қалмай, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани өміріне белсене араласып отыр. Сондай-ақ ескеңе ұрпақтың тәрбиесіне де өз үлестерін қосып, ауданымыздың дамып, көркеюіне атсалысып келеді. Бұл әріне еліміздің келешегіне ардагерлеріміздің де бейжай қарай алмайтынын көрсетеді.

Ендеше құрметті де қадірлі қазыналы қариялар, ардақты ардагерлер. Сіздерді бүгінгі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Отбастарыңызға аманшылық, дендеріңізге саулық тілеймін. Еліміз аман, ынтымақ, бірлігіміз нығая берсін, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Сонымен бірге аудан басшысы әр салада қызмет ететін бірқатар ардагерлерге алғыс хат пен мерекелік сыйлық табыстады. Шара барысында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев те құттықтау сөз сөйлеп, жылдағы үрдіс бойынша атаулы мереке қарсаңында өткізілген аудан ардагерлері

арасындағы өнер байқауының қорытындысымен жеңімпаздарды марапаттады.

Атап айтсақ, «Ардагерлер өнер туын көтерген» атты байқаудың бас жүлдесін Ақсу ауылы ардагерлері иеленді, I орын М.Шәменов ауылдық ардагерлер ұжымына бұйырды. II орын Аққум ауылы ардагерлер ұжымы, III орынды кент ардагерлер ұжымы мен білім саласының ардагерлер ұжымы жеңіп алды. Сондай-ақ топтық орындаудан білім саласының вокалды тобы, халықтық орындау жанры бойынша Аққум ауылының ардагері Байділда Сәрсенов, шешендік өнер жанры бойынша кент ардагерлер кеңесінің төрағасы Қожатай Құлмахан, би жанры бойынша Бұқарбай батыр ауылының ардагері Салам Мәжитов, өзге ұлт өнімін орындау жанры бойынша кент ардагері Ұлжапан Тәжібаева және ән жанры бойынша Мәдениет ауылының ардагері Көкжелеу Ұзақбаева үздік деп танылып, марапатталып, қаржылай сыйлыққа ие болды.

Салтанатты шара соңы ауданымыздың өнерлі ардагерлерінің концертін ұласты. Көрермен құлақтан кіріп, бойды алған өсем ән мен тәтті күйге сусындап, өрнекті бидің күесі болды.

Қуат АДИС

Ұлағат

Отбасылық ғұмырдың алтын тұғыры



Таңертеңгілік саф ауа неткен керемет! Ерте оянып, тысқа шықты. Әлі қараңғылық сейілмеген. Өрімдей жастығы есіне түсті. Уылжыған 18 жасында осы Аппазовтар әулетінің табалдырығын аттапты. Міне, араға бір жыл салып еңбекке араласты. Ауыл болған соң осы сауыншылықтан қолайлы кәсіп кездеспеді. Өзі де еңбек десе, жанары оттай жанып, бейнеттен қашпайтын қасиеті және бар. Көзін ашқаннан ата-анасы да оны еңбекке үйретті. Оның үстіне малсақтығы тағы бар. Кішкентай төлдерге сүйсіне қарап, сауырынан сипайды. Телініп тұрған асау сиырлар да өзін көрсе, жуасып қалады. «Қайнаған тірлік сауынбазда ғана шығар» деп ойлайды өзі ішінен. Мал жүрген жер береке ғой. Сүті қандай қою. Қатығы, айраны, сүзбесі, сары майын айтсаңызшы. Сол ағарғанның қадірін жастайынан білгенін ба, осы кәсіпке әбден бойы үйренді. Оны тастағысы жоқ. «Аллаға шүкір» дейді іштей. Бәріне үлгерді.

1970 жылы Жаулағаш ауданы Ақсу совхозының жігіті Оңғар Аппазовпен шаңырақ көтерді. Сол жылдан бері табаны күректей 52 жыл өтіпті. Өткен өмір көрген тустей зығыр барады. Бұл – біздің кейіпкеріміздің ішкі сарайынан шыққан өмір өткелдерінің сипаты. Біздің өңгімеіміздің кейіпкері шындығында осындай қайратты да қажырлы жан. Рәзия Аппазова апамыз 1952 жылы 25 қазанда Шымкент облысы, Түркістан ауданы, Кентау қаласында дүниеге келген. 8 жылдық сыныпты тәмамдап, СТПУ-да 3 жылдық білім алған.

Тұрмыс құрған 1971 жылы өз еңбек жолын сауыншылықтан бастады. Араға алты жыл салып, Рәзияның табандылығы мен сауаттылығын байқаған жерлері оны қолдап, 1977 жылы маусым айында Қазақ ССР-ның Қызылорда облысындағы еңбекшілер депутаттарының Жаулағаш аудандық Советінің депутаты етіп сайлады.

Ерекше белсенділігін бағалаған басшылық жалынды жас сауыншыны 1978 жылы 30 наурызда «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен марапаттады. Сол жылы 2 қарашада коммунистік партия мүшелігіне қабылданады. 1987 жылы 7 наурызда «Коммунистік еңбек екілдісі» куәлігі беріледі. 1997 жылы Ақсу өндірістік кооперативінің жекешелендіріліп, жеке қалықтарға бөлініп таратылуына байланысты жұмысы тоқтайды. Алайда ақты қадірлеп, өзіне табанды еңбекті серік қылған абзал ана 2005 жылы зейнетке шығады. Сол кезеңге дейін ширек ғасыр сауыншылық жұмысын адал атқарды. Зейнетке шықты деп қарап отырмай, үй шаруасында отырса да қазір ол табиғи өнімдер құрт, ірімшік, айран қатық, май өнімдерін жасап сатумен айналысады.

«Күміс алқа» иегері болған апамыздың 6 перзенті бар. Құдай қосқан отағасы Оңғар ағамыз да қарап отырмай мал шаруа-

шылығына қолғабы жасайды. Ол кісі де 16 жасынан өкесімен бірге қой бағып, еңбекпен шырғалған жан. Кейін зейнетке шыққанда механизатор болып, үздіксіз еңбек майданында жүріп, алақаны бейнетпен ысталған жан. Зерделеп қарап отырсаңыз, отбасындағы отанасы да, отағасы да адал еңбекпен нәпақасын тапқан адал жандар.

– Аллаға шүкір, сол кезеңде аса баршылық бола қойған жоқ. Бәрі тапшы, қиын кездер болған соң, қолда бар нәрсені ұқсатып, өмірге келіп жатқан балаларымызды асырап, ел қатарлы тіршілік етуді қалап, қандай жұмыстан да шалым екеуміз тартынбадық. Бүгінде бейнеттің зейнетін көріп отырмыз. Жұмыс таңдаған жоқпын. Ол кезде еңбек адамдарын қатты бағалап, қарапайым сауыншыны, механизаторды, күршінісі тіпті жоғары советке депутаттыққа сайлай беретін. Белсенді жұмыс жасағандар коммунистік партия қатарына өтетін. Сол құрметтің бәрін көрдім.

Бүгінде ұрпақтарымыздың рахатын көріп отырған ақжаулықтың әлемін. Ұл-қыздарымын 22 немере, 8 шөбере сүйіп отырмын. Адал еңбек қашанда адамды рахатқа бөлейді. – дейді бақытын еңбектен тапқан ана.

Жуырда Отбасы күнінде болған салтанатты кездесуде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Рәзия Аппазованы батыр аналармен бірге қабылдап, өз анаға жылы лебізін білдіріп, жолдасымен отау құрғандарына 50 жылдық алтын тойымен құттықтап, сый-сыяпат жасады.

Міне, қандай керемет сәт. Бақытты отағасы мен отанасының отау құрғандарына 50 жыл толыпты. Біз де тұғыры биіктеген мәуелі бейтеректей өсіп-өнген әулетке бақыт тіледік.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Құттықтау

Құрметті тыл және еңбек ардагерлері!

Сіздерді төл мерекелеріңіз 1 қазан Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздердің әрқайсыларыңыздың ауданымыздың өсіп-өркендеуіне қосқан үлестеріңіз бен еңбектеріңіз ерен. Аудан экономикасы мен мәдениетінің әр саласында еңбек ете жүріп, оның дамуының жаңа деңгейге көтерілуіне үлес қосып қана қоймай, талай жасты тәрбиелеп, ізбасарларыңызды өсірдіңіздер. Бүгін еңбектеріңіздің зейнетін көріп отырған шақта да сіздер ұрпақтарыңызға игілік пен ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісін танытудан жалыққан емессіздер. Егеменді еліміздің тілекшісі, халқымыздың тыныштығы мен ауызбіршілігін сақтауда ұйтқы болып келесіздер.

Өмірлік тәжірибелеріңіз мен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағалымдарыңыздың жастар үшін орны ерекше. «Ауылыңда ақсақал қария болса, жазулы хатпен тең» деген бабалар даналығы тіршілігіне биік мұрат еткен халқымыздың бүгінгі ұрпағы қай кезеңде де үлкенді ұлықтап, кішіге ұлағат қалдырған. Ауданымызда ардагерлеріміздің әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында түрлі бағытта жұмыстар атқарылып, мәдени рухани өмірге белсене араласуына қолайлы жағдай жасалуда. Бүгінгі мерейлі мерекеде баршаңызға зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасыларыңызға амандық, ұрпақтарыңызға бақ-береке тілеймін.

Ізгі тілекпен,
аудандық ардагерлер
кеңесінің төрағасы Садық Алиев

Аңдатпа

Қазақ қоғамының қазынасы



Кеңес

Сала еңбеккерлерінің жұмысы сараланды

Елінің кемел келешегін ойлаған мемлекет ең алдымен азаматтарының денсаулығына аса көңіл бөледі. Себебі ұлт саулығы жақсы болса, қоғам орнықты дамиды. Осы орайда қазірге дейін бірнеше реформа жүргізілген денсаулық сақтау саласы ел саясатының басты бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда денсаулық сақтау саласын жетілдіру үшін қомақты қаржы бөлінуде, дәрігерлерді оқыту мен олардың қызығушылығын арттыру бойынша жаңа кадр саясаты қалыптасуда, саланы цифрландыруға толықтай өткізу жұмыстары да қарқынды жүруде, осының бәрі дені сау, қуатты, бәсекеге қабілетті мемлекет құруға ерекше әсерін тигізетін болады. Апта басында аудандық емхана қызметкерлерімен өткен кездесуде аудан әкімі Асқарбек Есжанов осылай деді.



Жандос ЖАЗКЕН

Иә, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында келер жылдан бастап ұлттық жобаны жүзеге асыруды тапсырды. Бұл құжат ең алдымен ауыл тұрғындарының сұранысын қанағаттандыруға арналған. Яғни ұлттық жоба аясында шалғайдағы бірнеше елді мекендегі аурухана заманға сай жанаңрып, көпбейінді мекемеге айналады. Онда инсульттен емдеу орталықтары, хирургия, жансақтау және оңалту бөлімдері ашылады. Бұл төрт миллионнан астам адамға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттырады. Сонымен қатар телемедицина бағытын дамыту да қолға алынады. Сол арқылы шалғайда тұратын халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетіледі. Жалпы айтқанда, денсаулық сақтау саласын дамытуда нақты қадамдар жасап отырмыз деп.

Науқастар саны былтырғымен салыстырғанда 84 жағдайға артқан. Науқастардың ауруханаға жату көрсеткішінің артуына байланысты ауруханада биыл қайтар айынан бастап реабилитация, яғни қайта оңалту бөлімшесі 20 тесекорын болып жұмыс атқаруда. Аталған бөлімше барлық заманауи құрал-жабдықтармен және арнайы оқытылған мамандармен қамтылған.

– Статистикалық деректерге сәйкес, бүгінгі таңда есепке алғанда 530 медицина қызметкері жұмыс істейді. Оның 91-і дәрігер, 439-ы орта медицина қызметкері және бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарында 52 дәрігер, 157 орта медицина қызметкері бар. Биыл 1 қыркүйектегі жағдай бойынша дәрігерлер тапшылығы 8 адамды құрады. Шалғай орналасқан елді мекендердегі халыққа медициналық қызмет қолжетімді болуы үшін былтыр наурыз айынан бастап жылжымалы медициналық көлік қызмет көрсете бастады. Осылайша бүгінде аталған жылжымалы медициналық көшен 16 шалғай ауылдық елді мекеннің 6 607 тұрғынын қамтып, 130-ға жуық науқас анықталды.

Ауданда инфекциялық аурулардың көбі бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Биыл халық арасында тырысқақ, оша, паратиф, іш сүзеп, сіреспе, дифтерия, полиомиелит, қызамық, висцеральды лейшманиоз, пастереллез, трихинеллез аурулары тіркелген жоқ. Аудан бойынша 2022 жылдың басынан коронавирус инфекциясы бойынша оң мәнді 184 жағдай тіркелген. Оның ішінде симптомды – 49 симптомсыз – 135. Қазіргі таңда аудандық аурухананың КВИ бөлімшесінде және Қызылорда облыстық КВИ модульды ауруханасына жатқан науқастар жоқ, – дейді Еркебулан Мақсұтов.

Баяндаманы толық тыңдаған өңір басшысы бас дәрігер атап өткен қажетті жұмыстарды жүзеге асыру үшін бірқатар нақты тапсырма берді.

Кешегі кездесуде аудандық аурухананың бас дәрігері Еркебулан Мақсұтов биыл 8 айда саладағы атқарылған жұмыстарды саралады. Бас дәрігердің айтуынша, ауруханаға түскен

Байтохаева Жадыра Сарсенказиевна – хатшысы, мүшелері: Жанібеков Бахытбек Нұрлыбекұлы, Құлымбай Назерке Нұрханқызы, Жанкұанышев Мырзабек Қартқожаұлы, Мырзалішев Әлішер Рахитұлы.

Коздыбаева Рая Турмахановна, Әлібек Нурлан Ермекайұлы.

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы бойынша Жалағаш ауданының аумақтық, учаскелік сайлау комиссияларының құрамы туралы хабар

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабының 4-тармағына, 17-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 22 қыркүйектегі №65/538 қаулысымен бекітілген «2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарының» 3, 4-тармақтарына сәйкес, Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы ауданның аумақтық, учаскелік сайлау комиссияларының құрамы туралы хабарлайды.

№1132 учаскелік сайлау комиссиясы: Айбусинова Айнуір Шингисовна – төрағасы, Дүйсенбай Жанар Базартайқызы – төраға орынбасары, Прмаганбетова Манат Узақбаевна – хатшысы, мүшелері: Еділбайұлы Нұрбол Астанқұлова Гүлнәз Асқарқызы, Шаукбаев Сейлхан Науқанбаевич, Токмырзаева Орынтай Абдибековна.

№141 учаскелік сайлау комиссиясы: Абжамиллов Курмангазы Жагіпарович – төраға, Турмаханова Жамила Абдухаликовна – төраға орынбасары, Әбілпайтбаева Жазира Амантайқызы – хатшысы, мүшелері: Алтиханов Гүлмира Жумағалиевна, Сарымбетова Майра Аязқалиевна.

№152 учаскелік сайлау комиссиясы: Жусупбеков Ерлан Косимович – төрағасы, Пирназарова Бекзат Ганиявна – төраға орынбасары, Жарасбаева Айгүл Керейбаевна – хатшысы, мүшелері: Әйтимов Рамазан Әбдуәліұлы, Хамитова Айжан Серікқызы.

№128 учаскелік сайлау комиссиясы: Жамалатов Еркебулан Сырмағанбетұлы – төрағасы, Еспенбет Ізбасар Жақыпбайұлы – төраға орынбасары, Арапбайұлы Арман – хатшы, мүшелері: Есетов Аслан Рашидұлы, Қажиева Жанангүл Үсембайқызы, Рахметова Гүлстан Түлемисовна, Шайкысламова Гүлнәзия Шайкысламқызы.

№134 учаскелік сайлау комиссиясы: Жусупова Миррамкул Тыныбековна – төрағасы, Жанабаева Кудларай Сарсенбаевна – төраға орынбасары, Ізбасханова Марина Оразтайқызы – хатшысы, мүшелері: Жәрмев Жасұлпан Асылбекұлы, Қаналиев Нұржан Мақсұтұлы.

№142 учаскелік сайлау комиссиясы: Ембергенов Еркін Бұхарбайұлы – төрағасы, Қызбалаев Мольбек Заркұмович – төраға орынбасары, Байнұязов Галимбек Қантаев – хатшысы, мүшелері: Нұрылдаев Үлкенбек Мақсұтович, Қалданова Қуллаш, Қалдығұлов Мұхит Дәуренұлы, Исова Гүлнар Абатаевна.

№153 учаскелік сайлау комиссиясы: Бақбергелі Ерхан – төрағасы, Канатбаева Гүлжамал Қартанбаевна – төраға орынбасары, Жарасбаева Айгүл Керейбаевна – хатшысы, мүшелері: Төреалиев Ғафур Әскербекұлы, Майбасаров Берік Сатбаевич, Турсынбаева Мадина Бахытбековна, Буритбаев Ермек Алпысбаевич.

№129 учаскелік сайлау комиссиясы: Сапанов Орныкжан Шертаевич – төрағасы, Нурғалиева Айкел Сейдахметовна – төраға орынбасары, Рустемова Айгерім Қыстаубайқызы – хатшысы, мүшелері: Серікбаева Дина Тұрғанбайқызы, Елибаева Шолпан Амангелдіевна, Ержанов Базарбай Тасмаханович, Узақбаева Злиха Муратовна, Ахметова Айнуір Исхановна, Есназаров Мирамбек Аймағанбетович.

№135 учаскелік сайлау комиссиясы: Рыспанов Құдайберген Абеневич – төрағасы, Оразалиев Орынтай Дерипсалиевич – төраға орынбасары, Нысанбай Индира Маратқызы – хатшысы, мүшелері: Омаров Қасымхан, Жалғасбаев Умирзақ Жұмабекович.

№144 учаскелік сайлау комиссиясы: Абдраева Бахыт Токтасиновна – төрағасы, Нысанбаев Болат Маратович – төраға орынбасары, Зарлық Бақытжан Сексембайқызы – хатшысы, мүшелері: Махмудова Әлфия Махмудовна, Құлжанова Аңуір Аблаева, Танибаева Берикүл Жорабаевна, Алиева Бақыткул Қосназаровна.

№151 учаскелік сайлау комиссиясы: Айтмиров Абдиқайыр – төрағасы, Қалменова Райкуль Айтбаевна – төраға орынбасары, Қожамуратова Есенқұл Оразбековна, Қожамуратова Есенқұл Оразбековна – хатшысы, мүшелері: Аманкелді Нұрбек Аманкелдіұлы, Науханбаева Лаззат Абдуллаевна, Ермханов Нұрғазы Жақсылықұлы, Қазиевбова Гүлзада Арыпжановна.

№130 учаскелік сайлау комиссиясы: Кенжеғұллова Марзия Байралай Кенесовна – төрағасы, Сатова Қураталы Кенесовна – төраға орынбасары, Онгарбаева Мадина Орынбасаровна – хатшы, мүшелері: Смаилов Рахимжан Маратович, Сағындық Руслан Сағынбайұлы, Ешбанова Айна Тұрғанқызы, Аялов Дәурен Маликович.

№138 учаскелік сайлау комиссиясы: Боранбаев Ерлан Әміртаулы – төрағасы, Ибраев Дәурен Сәбитұлы – төраға орынбасары, Ешмаханова Ақмарал Танқаевна – хатшысы, мүшелері: Жубанова Шарайна Избасаровна, Садыхова Надежда Мерғалиевна, Ескалиева Нұржайна Елусыңқызы, Жабағиев Абдысадық Абилқасимович.

№146 учаскелік сайлау комиссиясы: Нуратаева Гаухар Тұрабаевна – төрағасы, Қуанбаева Гүлстан Орынбекқызы – төраға орынбасары, Истаева Тоті Султановна – хатшысы, мүшелері: Жармаханов Аблхат Жолдасбайұлы, Диханбаев Қайрат Батырбекович.

№147 учаскелік сайлау комиссиясы: Ибраев Абзал – төрағасы, Кузков Байғасыр Умиртаевич – төраға орынбасары, Сарсенбаева Айдын Қуанышбаевна – хатшысы, мүшелері: Ембергенов Болатбек Қожантаевич, Рысмаханова Гүлдіана Бериколовна.

№131 учаскелік сайлау комиссиясы: Жап басбаев Қайрат Ғалиұлы – төрағасы, Сарсенов Алтынбек Балтабайұлы – төраға орынбасары,

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары Ж.Ж.Өмірәлиевтің «Прокуратура туралы» Заңның 31-бабы тәртібінде үндеуі

Құрметті азаматтар!

Отандық ақпараттық кеңістікте және әртүрлі әлеуметтік медидада түрлі тақырыптар бойынша көрінеу жалған ақпарат тарату жағдайлары жиілеп кетті. Бұл ретте олар жекелеген блогерлердің арандатушылық мәлімдемелерімен және әлеуметтік желілер пайдаланушыларының ұлттық алауыздықты тудыратын белгілері бар комментарийлерімен бірге жүреді.

Нақты азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, сондай-ақ бірқатар танымал адамдарды ұстау және қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы жалған хабарламалар жариялануда.

Мұндай фейктік мәліметтер қоғамдық жалған пікірді қалыптастырып ғана қоймай, сонымен бірге қоғамдық тәртіпке де теріс әсер етуі әбден мүмкін.

Осындай шынайлыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратуды көбіне блогерлер қасақана, өздерінің және үшінші тұлғалардың мүдделері үшін жүзеге асырады. Олардың мақсаты – жеке пайда табу және бопсалау арқылы материалдық зиян көру.


Көрсетілген ұлттық алауыздықты қоздыруға, қорқытып алуға, көрінеу жалған ақпарат таратуға бағытталған іс-әрекеттер Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 174, 194 және 274-баптары бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ел азаматтарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінің, әлеуметтік желілердің пайдаланушыларын заңнаманы бұлжытпай сақтауға және жоғарыда келтірілген кез келген құқық бұзушылықтардың жасалуына жол бермеуге, арандатушылыққа бой бермеуге және тек ресми ақпарат көздеріне ғана сөнге шақырады.

26.09.2022 ж.

Жарқын бейнең жадымызда

Зымырап жатқан уақыт деген осы шығар, сіре. Бауырымыз, денсаулық сақтау саласының дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдырған қажырлы маман Айтбай Кенжебаевтың ортамызда жүргені кеше ғана сияқты еді. Бүгінде сол ардақты азаматтан айырылып қалғанымыздан бері де 40 күн өте шығыпты. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр кімдерге мөңгілік болған дейсің. Бұл да тағдырдың басқа салған сынағы. Ал оған сабыр қылмасқа пенде шіркінде басқа шара да жоқ. Кенжебаев Айтбай Әбсадықұлы 1962 жылғы 14 мамырда Жалағаш ауданында дүниеге келген. Кент орталығындағы №31 орта мектептен білім алған бала кейін медицина саласында өзінен білікті кадр қалыптастыруды мақсат етеді және сол жолдағы оның ізденісі де уәшантеңіз болатын.



Ол Ресейдің Саратов қаласындағы медициналық университетте білім алды. Жас маман алғаш еңбек жолын қазіргі Байқоңыр қаласындағы әскери госпитальда хирург болып бастады. Кейін аудандағы орталық ауруханада да біршама уақыт хирург болып еңбек етті, бойында кеселі бар қаншама науқасты дертінен айықтырды.

Антына адал азамат А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығында да хирург болып еңбек етті. Осында жүріп ғылыми десертациясын сәтті қорғап шықты. Білікті маман одан кейінгі жылдары Алматыдағы Қазақстан-Ресей медицина университетінде, Ақтөбе облысындағы медициналық университетте студенттерге дәріс берді. Қазір білікті маманнан білім алған сол кездегі ізденуші жастардың алды Айтбай Кенжебаев секілді тәжірибелі маманға айналған.

Салада өзіндік қолтаңбасын қалдырған бауырымыздан айырылып қаламыз деп кім ойлаған? 2022 жылдың 17 тамызында Айтбай Әбсадықұлы да бақылық болды. Жалған дүние деген осы. Сынаққа сабыр қыламыз, тек ендігі жерде ардақты азамат хақында өткен шақпен естеліктер айту жанымызға батады. Артында қалған балаларына қарап, «орнында бар оңалар» деумен өз-өзімізге басу айтамыз. Бақұл бол, ардақты бауырым, сен біздің жадымызда ұзақ уақыт сақталасың. Өзінді сағынышпен еске алып, рухыңа құран бағыштаймыз.

Саладағы еңбек жолың тағылым, Сені еске алып, қайғырып тұр қауымың. Жұмақ болып мәңгі мекен өзіңе. Жатқан жерің жайлы болсын, бауырым. 2022 жылы 1 қазанда сағат 10.00-де Жалағаш кенті 3.Салықбаев көшесі №10 үйде Кенжебаев Айтбай Әбсадықұлының қырық күндік асы берілетінін барша ағайын-туыс, құда-жеңжат, дос-жаранға хабарлаймыз.

Еске алушылар бауырлары

Table with election results for 2022 IV Toksanba Karakotken district. Includes columns for serial number, voter list name, district name, date, and results.

Table with election results for 2022 IV Toksanba Alamesek district. Includes columns for serial number, voter list name, district name, date, and results.



Ауыл қарымтабы

Дүниеге келер бір рет,
Дария кеуде,
Тау мүсін,
Құрыштан құйған құдірет –
Қарттарың, аман-саулығың?

Өзгерің болсаң жапында,
Ел іші жолап,
Еңсегі,
Дән ісі құрған қабында
Даламың бір-бір бөлшегі.

Арада жылдар жоңкіліп,
Алыстан кеттің біртіндеп,
Айта амай ағыз толтырып
«Ассалаунагалейкуң!» деп.

Өзге бір менде қос тілек,
Өзгерің көзден басқынды,
Жайлы жер ізген кетті деп,
Жазыра қорне, қарттарың.

Ердің бір есирер қалама,
Шығардың белге жыр қошын.
Болашақ қос алаң,
Далаңда
Әулие қарттар жүресін.

Жаңғы той бағы даламың,
Өзгерің құтан, деп берейін.
Кіесі де оның өзгерейін,
Месі де оның өзгерейін.

Ағымда жүрмей қозғалмай,
Асылың, алатың қазына.
Ауыра қалаң, өзіндің
Нейің, менің жазына.

Өзгештің талай жыр тұрар,
Оралар әлі-ақ сан жыршы.
Даламың ісі бүгінгі,
Қарттарың, аман-сау жүрмей!

Сари Жұмбаев



Дария кеуде, тау мүсін

«Шежіреден сыр шертіп жатқан ұдай, Кеудесі алтын қазына қарттарым-ай. Арамызда тірі боп жүре берші, Қуат бер қарттарыма патша Құдай! Ақсақалдар сарқылмас дариялар, Әр сөзінен көңілге бақ ұялар. Сіздерді құрметтейміз, қадірлейміз, Аяулы ардагерлер, қариялар» деп ақын жырлағандай, ауылына ақыл айтар, өскеніне демеу болар, адасқанын жолға салар қазыналы қарттар – біздің баға жетпес рухани қуатымыз. Олардың жүріп өткен тауқыметке толы жолы – ұрпаққа үлгі, істеген еңбегі – болашаққа өнеге, берген батасы – сарқылмас қазына.

Шынында жас ұлғайған сайын адамның парасат-пайымы жоғарылап, өткен өмір жолдарына сағыныспен қарайды. Қайта оралып келмейтін жастықтың жалынды сәттері кім-кімге болсын алыстағы армандай жүректі шымырлатады. Алайда өз сәнімен, мезгілінде өдемі қарттықты гибратты ғұмыр баспалдақтарымен күтіп алу да үлкен бақыт. Зейнет жасын саликалы, сабырлы, абыройлы тосып алып, кейінгі буынға ақылшы, қамқоршы, данагөйлікпен ардақталып жүрген абыз қарттарға қарап сүйсінеміз. Шіркін сол кісілердің жолын берсе деп, Алладан тілек тілейміз.

Біздің қоғам да ондай сөзі баталы, жолы гибратты ақсақалдарды, ақ жаулықты әжелерді өнеге мектебіндей құрметтеп, олардан тәлім алуды кейінгі буынға насихаттап келеді. Алайда өмірде ақ пен қара алмасып отыратындай, жақсылық пен жамандық қатар жүреді. Кейбір замандастарымыз ата-анасын хан көтеріп, мөлелеп, аялап, мейірім жөгіп, олардың батасын алады. Ал үлкеннен бата алғанның азып-тозып, күйреген жерін көрмедік. Қайта мерейі өсіп, дәулеті тасып, көсегесі көгеріп, босағасына нәсібе мен бақыт байланады.

Не дегенмен тағдырдың небір теріш тезінен өткен, өмір жолының ащы сабағын алып, қиын-қыстау заманның өткелін арқа тастап, өзінен кеткен кейбір қателікті кейінгі буын көрмесе деп ақыл-кеңес бермек болса, оған намыстанып қаламыз. Баяғыда аналарымыз «Өзім білем деген адам өзен судың түбіне кетеді, ешқашан білгішсініп үлкендердің алдында сайрама, төменшіктеп тұр, әдепті бол» деп үйрететін. Ал қазіргі жастардың кейбіреуі қария есіктен кіргенде ол кісіден өзіне рухани азық алмақ түгілі, жасы үлкенмен амандасып, халін сұрауды да білмейді. Әйтеуір бір бәріміз асығып-аптыққан заманының басыбайлы құлы секілдіміз. Жетімсіреген көңілді жұбату, жылы сөйлеу, тіпті жымияудың өзі садаға жатады. Садақаны ақшалай, заттай бере алмасаң да, жүрек түкпіріндегі жылы сөзінді арнауың өзі үлкен кісінің мерейін өсіріп, көңілін көтереді. Біз үшін ең қымбат асыл қазыналарымыздың тағдырына абай болмауық. Бұл бізге Алладан – аманат, Пайғамбардан – сүннет!

Г.ҚОЖАХМЕТОВА

Тағылым

Қазақ қоғамының қазынасы

Қариясы бар елдің қазынасы бар. Қазақ үшін қадірлі екі тәмсіл болса, соның бірі – осы. Дәстүрлі қазақ қоғамында ғана емес, барлық ұлттарда да қарт адам қашанда кейінгі буын үлгі, өнеге және қадірлі, құрметті. Десе де біздің халқымызда қарт адамды құрметтеудің ерекше үлгісі, өзіндік дәстүрі қалыптасқан. Содан да болар қария десе, көз алдымызға басында тақиясы, үстінде шапаны, ақ сақалы алқымын жапқаң, төр алдында отырып алқаған көпке ақыл айтып отырған бедерлі бейне елестейді. Шындығында қазақ қариясы сондай еді.

Бұрын жасы жетпістің желкесіне шыққан көз келген ер азамат ел ағасынан қарттыққа бет бұрып, бір ауылды жалғыз ауыз сөзімен ұйытып, елдің бірлігін ұстап, берекесін кіргізіп отырыпты. Бар болмысы тілегінде тұратын қазақтың көз келген қариясы өз отбасының ғана емес, тұтас елдің тыныштығын ойлап, амандығын бір Алладан тілеп отырады. Басқасын айтпағанда, ақсақалдардың аузындағы шүкірі мен тобасының өзі ұрпаққа бір мектептің тәрбиесіндей өнеге беріп келеді. Қадір-қасиетіне қарай төрден төмендеу отырған үлкен кісілердің өзі қолына су құйған балаға берген бір ауыз алғыс-батасымен-ақ бойына нұр, санасына ақыл құйып жіберетін. Бұның барлығы – халқымыздағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлтымызды сақтап қалатын үрдіс. Осындай қариялары бар елді кезінде қанша шалса да жау ала алмады, мығымас бірлігін буза алмады. Еңдеше қарты бар елдің қазынасы ғана емес, қамалы да бар екен.

Көпті көрген, туыстық тұтастыққа дөнер болып, әлеуметтің басын біріктіруге маңызды рөл атқарған, баба жолын берік ұстанып, жоғары мәртебеге ие болған абыздар елі де бар арамызда. Елдің сөзін айтып, бірлігіне, ынтымағына, татулығына, тұтастығына қызмет қылып, өдемі қартайып келе жатқан ел ағаларында да көнде емеспіз, шүкір. Тек сол кісілердің сөздерін тындап, өздерін үлгі тұтуға келгенде кежегіміз кейін тартады да тұрады...

Ақсақалдық – адамның кемеліне келіп, өбден толысқан кезеңі. Еңдеше бұл кезеңді жасына лайық өткізу – ербір адам үшін үлкен жауапкершілік. Соның ішінде біздің халқымыз үшін қарттық кезең – үлкен сынақ.

Жазушы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның адам өмірінің осы кезеңіне қатысты айтқан сөзі бар. Қаламгер ел-жұрт сөзіне құлақ асып, қоғамда жапырылып ақыл-кеңесіне жүгінетін қартты абыз, ауыл-аймаққа бас болған қартты асақал тек өзінің отбасының ғана шаруасын күйттеп жүретін қарт кісіні шал ал еш себепсіз үй-үйдің арасына қыдырып жүретін қазымыр қартты шауқан депті. Бүгінгі қазақ қоғамында абыздар азайған шығар, бірақ біржола жоғалып кеткен жоқ. Текте бар қасиет сақталады. Бұны генетика ғылымы дәлелдеп қойған Тісті жерінде ақсақалдық жасай алатын қазынакеуде қарияларымызды құрметтеп, батасын алып жүрміз. Тек жоғарыда айтқанымыздай, бір өттегенейі, қазіргі жастардың сол ақсақалдарды жағаламайтыны.

Ауданымызда Әміртай деген ақсақал бар. Темірбек Жүргенов атындағы ауылда тұрады. Өзі туып-өскен сол топырақта шаруашылықтың түрлі салаларында ел қатарлы қарапайым ғана еңбек еткен. Алайда ол кісінің білетінінің көбін қазіргі тарихшылар білмейді десек, сөзіміз жалған шықпайды. Шешіреті, кеудесін түртіп қалсаң, тілінен маржан төгіледі. Жады – көне күндер естелігінің қоймасы.

Таңғаласың. Есті өңгімеге шөліркеп жүргендер араның шалғайлығына қарамай Әміртай ағамызды арнайы іздеп барады. Ақсақал өзіне сәлем бере барғандарды қазақы жөн-жоралғымен қарсы алып, төрінде күтеді. Бір бағланын сойып, қазан көтереді. Үлкен асқа дейін шөй дастарханының басында жайланып отырып, амандық біліседі, шаруа жайын сұрайды. Бүгінгі күндегі еліміздің жай-күйін

бағдарлайды. Содан соң жаймен жылыстап, бүгінге өткен замандарды сабақ қыла отырып, біржола көне күндерге ойысады.

Бұл өңгімешіл қарттың тыңдаушысын алдына отырғызып қойып, ө дегеннен өңгіме бастап кетпей, алдымен жадын тазалап, дайындап алу тәсілі болса керек. Өзім де бірнеше мәрте барып, ескі өңгімелерін жазып алғанмын.

Шыны керек. Әміртай ағамыздың шаңырағына бір кіріп шықсаң, өткен ғасырларға барып келгендей ғажап әсер аласың. Осы Әміртай сынды ақсақалдар – біздің байлығымыз, қазынамыз. Жастарымыз жаһанға жұтылып бара жатқан дәл қазіргі кезде сол кісілердің көкірек сарайына жиган жауһарларын алып қалып, кейінгі ұрпақтың көдесіне жарату өте маңызды міндеттеріміздің біріне айналуы тиіс.

Алматыға барғанда уақыт тауып Жазушылар Одағына кіріп-шығуға тырысамын. Қаламгер ағаларыма сәлем беремін. Сол Жазушылар үйіне бір барғанымда қазақтың белгілі ақыны, Қазақстан Жазушылар Одағы төрағасының орынбасары Бақыт Беделханнның кабинетіне кіріп, замандас ақынмен біршама әңгімелестім. Мен барғанда Бақыт өзінің жан досы, өмірден ерте кеткен алдаспан ақын Оразалы Досбосынов жайында бастаған көлемді поэмасын жазып отыр екен. Өңгіме барысында Бақыттан бір топырақта туып-өскен досы жайында жан тебіренер естеліктер естідім.

Ақынның айтуынша, Оразалы 5-ші сыныптан соң мектепте оқуға аса құлықты болмапты. Алғашында мұғалімдер Досбосыновты шақырып келіндер деп оқушыларды жібереді екен. Бірақ Оразалы



үйінде болмайды. Бірде көрші ауылдағы пәлен деген ақсақалдың үйінең енді бірде арғы ауылдағы түген деген ақсақалдың үйінен дерегі шығады. Қыдырып бармайды, көрікұлақ, көнекөздерден өңгіме тыңдауға барады. Құймақұлақ бала «Сәлем бере көлдімді» сылтау етіп барған әлгі ақсақалдардың көудесіндегі көмбені ашып, қауашағына құя беріпті.

Сөз тыңдайтын бала болса, қариялар іркіліп қала ма?! Не керек, болашақ ақтаргер айтсы ақыны өзі түнген үйлерінде екеуара болған субелі өңгімені талмап таңды атырып, бір мектептің бір жыл беретін білімін бір күнде-ақ алып қайтады екен.

Кейінірек Оразалы марқұм айтсы өнеріне құбылыс болып келіп, атағы аспандап тұрғанда өзінің білім алған мектебі – ауылдың ақсақалдары екенің, сол абыздардың шапаны мен сақалына оранып өскен бала екенін талай мәрте айтты. Бірде үлкен сахнада айтсық түскенде:

«Атым Ораз болғанмен, Отыздан жасым аспаған. Иегімді сақал жаппаған. Сүйінбаймың Жамбылмың»

Таңжарықпың Шарғынмың, Басынан сөзі аспаған. Көдеткен қалған бір ұлмың, Қызы мен Қытай арасы, Жырларын жата жатпаған. Құлмамбеттен қалған құлдыңмың, Халықтың өзі баптаған» деп сөз бастады. Өткіңші жаңбырдай төпелеген осы өрнекті шумақтардан бүгінгі Оразалыны емес, сол ақынды баптап өсірген көшегі қасиетті қарияларды көргендей боласың. Сосын бүгін біз байыбына бара алмай жүрген «қарты бар елдің қазынасы бар» деген сөздің тереңіне бойлай түссесің.

Адамның жасы қариялыққа өлшем бола алмайды. Ол – жай ғана биологиялық үдеріс. Ақын Мұхтар Шаханов айтпақшы, аузында бетуалы сөзі жоқ, артында ілкімді ісі жоқ, сақал-шашын күнге ағартқан қарттар да бар. Әйтпесе Абай «қарт-тайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деген өлеңін небары қырықтың қырқасынан асқанда жазыпты...

Қуат АДИС

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҒАРБАЕВ Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қызметінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. «Жалағаш жаршысы» ауандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Газет әр аптаның сәйсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 87242/40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1642

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кешкі редактор: Қуат АХЕТОВ